

С.Ж Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университеті

Медицина социологиясы

Орындаған: Гинаятов Арман

Тобы: 32-2

Факультет: Ж.М

Жоспары:

- Медициналық социологияның тарихы;
- Медицинадағы социология жайлы жалпы түсінік;
- Медициналық социологияның мақсаты мен міндеттері;
- Медициналық социологияның өзге де қоғамдық ғылымдар мен байланысы;



Медицина социологиясы

- Денсаулық саласын, медицина саласындағы қызметкерлердің мінез-құлқын, денсаулық және ауру терминдерін қарастыратын социологияның бөлімі.



Медицина социологиясы бірнеше бағыттарды қарастырады:

Емдеу саласының
социологиясы

Ауру және науқастың
мінез-құлық
социологиясы

Медициналық
институттар мен
денсаулық сақтау
ұйымдарының
социологиясы



Медицина социологиясының тарихы:

- Ең алғашқы рет медицинаны социологиялық тұрғыдан зерттеу 18-ғасырдың соңында басталды. Бұл саланың алғашқы зерттеушілері англиялық, француздық және неміс ғалымдары болды. Дәл осы уақытта Ұлы Француз Революциясының арқасында қоғамдық денсаулық сақтау концепциясы пайда болды.



□ Екі ғасырға жуық уақыт бойы медицина социологиясының мәселелері эпидемиология және социология саласында қарастырылды.

Медициналық социология жеке дара ғылым ретінде 20-шы ғасырдың 50 жылдары АҚШ-да дүниеге келді. Ең алғаш бұл сала тек медициналық оқу орындарының студенттерінің арасында ғана таралды.



□ Медициналық социологияның дамуына Роберт мертон, Говард Бекер , Глэйзер және Ансельм Стросс, Гофман, Шефф, Фрейдсон сияқты ғалымдар үлкен үлес қосыты.



Медицина социологиясы туралы түсінік

□ Медицинаны социологияда, социологиялық институт ретінде қарастырады. Социологиялық институт ретінде медицина өзіне тән құрылымдарға ие.



Медицинадалық социология тұрады:



Медицина социологиясы халық денсаулығын қарастырады:

- ❖ Дүние жүзілік деңгейдегі халық денсаулығын;
- ❖ Жекелеген мемлекеттер мен аймақтар арасындағы халық денсаулығын;
- ❖ Тұрмыстық жағдайына байланысты халық денсаулығын;
- ❖ Түрлі жастар, әртүрлі мамандықтар арасындағы халық денсаулығын;




Медицинадағы социологияның негізгі мақсаты:

- Басқа да қоғамды зерттеуші ғылымдармен қатар медициналық социология да халық денсаулығын жақсарту, физикалық дамуын көтеру, еңбекке белсенділікті көтеру, жалпы халықтар арасында орташа өмір ұзақтығын ұзарту мақсатында соц-экономикалық шараларды ұйымдастыру.



□ Сонымен қатар социологиялық медицина денсаулыққа әсер етуші факторларды соның ішінде тұрмыстық жағдай сапасы, түрлі індеттердің алдын-алу, сақтандыру, таралуын болдырмау және адамдар арасында салауатты өмір салтын сақтау насихаттау жүйесін де кеңінен талдауда.



-
- Медициналық социологияның қарқынды дамуына ғылыми-техникалық революция және сонымен байланысты өзгерістер өте қатты ықпал көрсетті. Ғылыми-техникалық революцияның белсенді түрде қоғам өміріне енуі экологияға ғана емес адамдардың тұрмыс салтының, олардың мінез-құлқының жалпы психологиясының өзгеруін туындатты.
-
- 

□ Сонымен қатар қоғамның денсаулық және ауру ұғымдарына деген көзқарасын өзгертті. ҒТР дамуы тек қана пайдасын көрсетіп қоймай, қоғам денсаулығы үшін үлкен қауіп төндіруде. Мысалы күнделікті стресстік жағдайлар, ұрыс–керістер эмоционалдық күш түсіруге әкеледі. Гиподинамия, артық тамақтану халықтар арасында созылмалы аурулардың дамуына әкеледі.



Негізгі зерттеу бағыттары:

- ❑ Өмір сүру салтының қоғам денсаулығына әсері;
- ❑ Халықтар арасындағы мәдениеттің, салт-дәстүрлерінің денсаулық жайлы (медициналық қызметкерлерге, емдеуге) көзқарасын қалыптастырудағы әсері;



□ Социологиялық медицина және
ЭКОНОМИКА;

- Қоғамдық денсаулық сақтау шаралары(емдеу, тұрмыс сапасы, медициналық қызмет көрсету, профилактика т.б) үшін қаржымен қамтамасыз етілуін қарастырады;



Социологиялық медицина және ЭКОЛОГИЯ

□ Түрлі аймақ тұрғындары
арасындағы денсаулық
ерекшеліктері, денсаулық деңгейі
қарастырылады;



Социологиялық медицина және демография

- Халықтар денсаулығын болжау, өнеркәсіптің адамдар денсаулығына әсері, отбасы құрылымы, балалар саны және олардың туылу реті зерттеледі;



Социологиялық медицина және заң саласы

- Науқас-дәрігер, науқас-аурухана, дәрігер және администрация, экологиялық құқықтық мәселелерді зерттейді.



Қорытынды:

- Біздің дамыған қоғамда социологиялық медицинасыз елестету мүмкін емес. Себебі адам үшін де, қоғам үшін де ең маңызды құндылық-денсаулық. Денсаулық көрсеткіші, қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің көрсеткіші бұл-кез келген елдің даму көрсеткіші.



Пайдаланылған әдебиеттер

- Қ. И.Оспанов
- Ә, Х.Тұрғынбаев социология
 - [Http://www.google.kz](http://www.google.kz)

